

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағы 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуіріндегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына сәйкес және 2024 жылғы 30 наурыздағы Іле ауданы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырыстың № 2 хаттамасы негізінде аудан әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Іле ауданы, Байкент ауылдық округі, Байкент ауылында орналасқан Ворошилов су бөгетінің серпінмен бұзылуына байланысты, жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып аудан әкімінің орынбасары А.Құрманғалиев тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Қарасаев